

А.С. Қойбақова<sup>1\*</sup> , А.А. Солтанбекова<sup>2</sup> , Т. Қалибекұлы<sup>3</sup> , Д.М. Пашан<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ., \*e-mail: ayzhan.k.s@gmail.com

## ҚЫТАЙ ЭКЗОНИМДІК АТАУЛАРЫН ҚАЗАҚ-ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДА ТРАНСКРИПЦИЯЛАУДАҒЫ ФОНЕТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Андатпа.** Мақалада қытай тіліндегі экзонимдік атауларды қазақ-латын графикасында транскрипциялау, ондағы фонетикалық және фонологиялық мәселелер қарастырылады. Сондай-ақ қытай фонетикалық әліпбиі мен латыннегізді қазақ әліпбиіндегі дыбыстарға салғастырмалы талдау жасалып, қазақ және қытай тілдерінің дыбыс жүйесінің контрастивті сипаттамасы беріледі, баламалы/баламасыз дыбыстардың аражігі ажыратылады. Екі тілдің дыбыс жүйесіндегі баламалы/баламасыз дыбыстарды айқындау арқылы латын әліпбиіне транскрипциялауда қиындық тудыратын жағдаяттар анықталады. Жұмыстың басты мақсаты – қытай экзонимдік атауларын қазақ тілінің латын графикасы негізінде транскрипциялаудағы фонетикалық мәселелерді анықтап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын қарастыру.

Алдағы жылдары Қазақстанда латын жазуына көшу жоспарланып отырғаны белгілі. Осыған сәйкес барлық салада жұмыстар жасалуда. Оның ішінде ономастикалық атаулар, шеттілдік атаулар мен кірме сөздер мен оларды транскрипциялау, транслитерациялау, аудару мәселелері бар. Қытай онимдері, оның ішінде экзонимдік атаулар қазақ тіл білімінде зерттелмеген тың тақырыптардың бірі. Оларды қазақ-кирилл графикасында транслитерациялау – әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселе. Ал қытай экзонимдік атауларын латын негізді қазақ әліпбиінде транскрипциялау тың зерттеуді қажет ететін мәселе, оларды тіліміздің фонетикалық, орфографиялық нормаларына сай трансформациялау арқылы дұрыс жазуға, айтуға және қолдануға жол ашамыз.

Зерттеудің тұжырымдары мен талдауларын қытай тілі мен қазақ тілінің дыбыстық жүйелерін салғастыра оқытуда және зерттеуде, қытай тілінің ономастика саласы бойынша зерттеулерде пайдалануға болады.

**Тірек сөздер:** экзоним, ономастика, латын графикасы, транскрипция, транслитерация.

А.С. Қойбақова<sup>1\*</sup>, А.А. Солтанбекова<sup>2</sup>, Т. Қалибекұлы<sup>3</sup>, Д.М. Пашан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Институт языкознания имени А.Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылайхана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ayzhan.k.s@gmail.com

## ФОНЕТИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ПРИ ТРАНСКРИПЦИИ КИТАЙСКИХ ЭКЗОНИМНЫХ ИМЕН В КАЗАХСКО-ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКЕ

**Аннотация.** В статье рассматривается транскрипция китайских экзонимов в казахско-латинской графике, фонетические и фонологические проблемы. Также произведен сравнительный анализ звуков китайского фонетического алфавита и казахского алфавита на латинице, дана сопоставительная характеристика звукового строя казахского и китайского языков, а также разница между эквивалентными/неэквивалентными звуками различаются. Путем выявления эквивалентных/безальтернативных звуков в звуковой системе двух языков выявляются ситуации, вызывающие затруднения при транскрипции на латиницу. Основная цель работы – выявить фонетические проблемы транскрипции китайских экзонимов на основе латинской графики казахского языка и рассмотреть оптимальные пути их решения.

Известно, что переход на латиницу планируется в Казахстане в ближайшие годы. Соответственно, работа ведется по всем направлениям. В него входят ономастические имена, иностранные имена и иностранные слова, а также их транскрипция, транслитерация и перевод. Китайские онимы, в том числе экзонимы, являются одной из новых тем, не изучавшихся в казахском языкознании. Их транслитерация казахской кириллицей является проблемой, которая до сих пор не решена. Транскрипция китайских экзонимов в казахском алфавите на основе латиницы представляет собой проблему, требующую новых исследований.

Выводы и анализ исследования могут быть использованы в сравнительном обучении и исследовании звуковых систем китайского и казахского языков, а также в исследованиях в области ономастики китайского языка.

**Ключевые слова:** экзоним, ономастика, латинская графика, транскрипция, транслитерация.

A.S. Koibakova<sup>1</sup>, A.A. Soltanbekova<sup>2</sup>, T. Kalibekuly<sup>3</sup>, D.M. Pashan<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: ayzhan.k.s@gmail.com

## PHONETIC PROBLEMS IN TRANSCRIPTION OF CHINESE EXONYMOUS NAMES IN KAZAKH - LATIN GRAPHICS

**Abstract.** The article deals with transcription of Chinese exonym names in Kazakh-Latin graphics, phonetic and phonological problems. Also, a comparative analysis of the sounds of the Chinese phonetic alphabet and the Latin-based Kazakh alphabet is made, a contrastive description of the sound system of the Kazakh and Chinese languages is given, and the difference between equivalent / non-alternative sounds is distinguished. By identifying the equivalent/non-alternative sounds in the sound system of two languages, situations that cause difficulties in transcription into the Latin alphabet are identified. The main goal of the work is to identify phonetic problems in transcription of Chinese exonym names based on the Latin graphics of the Kazakh language and to consider the optimal ways to solve them.

It is known that the transition to the Latin script is planned in Kazakhstan in the coming years. Accordingly, work is being done in all areas. It includes onomastic names, foreign names and foreign words and their transcription, transliteration, and translation. Chinese onyms, including exonyms, are one of the new topics that have not been studied in Kazakh linguistics. Their transliteration in Kazakh-Cyrillic script is a problem that has not yet been resolved. Transcription of Chinese exonym names in the Latin-based Kazakh alphabet is a problem that requires new research.

The conclusions and analyzes of the research can be used in the comparative teaching and research of the sound systems of the Chinese and Kazakh languages, and in research in the field of onomastics of the Chinese language.

**Keywords:** exonym, onomastics, Latin graphics, transcription, transliteration.

### Кіріспе

Шеттілдік географиялық атауларды қазақ-латын графикасында қалай жазамыз деген мәселе латын графикасына көшу процесі басталғанда-ақ өзекті бола бастады. Себебі шеттілдік географиялық атаулар, оның ішінде экзонимдер барлық ресми-іскерлік құжаттарда, анықтамалықтар мен сөздіктерде, оқулықтар мен оқу құралдарында, карталар мен бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор беттерінде т.б. ақпараттық кеңістіктерде кеңінен қолданылады. Оларды транскрипциялау, транслитерациялау немесе аударуда фонетикалық, орфографиялық нормаларды сақтай отырып, тілімізге трансформациялау бүгінгі таңда тілші ғалымдардан күрделі ғылыми теориялық ізденісті қажет ететін маңызды міндет саналады.

Қазақ тіліне өзге тілден енген ономастикалық атаулар экзоним деп аталады. Қытай экзонимдері қазақ тіліне Палладий жүйесі арқылы жазылып келгенмен, кейінгі уақытта оларды жазудың әртүрлі нұсқалары пайда болды. Соның есебінен бір қала атауының қазақша бірнеше нұсқасы кездеседі. Мысалы, еліміздің ғаламтордағы ақпараттық сайттарында *Бейжің* (18 қазанда *Бейжіңдегі* «Бір белдеу, бір жол» халықаралық ынтымақтастығының III форумының ашылу рәсіміне қатысқан Қазақстан Президенті баяндамасын қытай тілінде бастаған болатын) (1); *Пекин* (2010 жылғы 16 қарашада Қытайдың «*Пекин операсы*» ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұрасының материалдық емес нысандарының тізіміне енгізілді) (2). *Гуанчжоу* (ҚазАқпарат – Қытайдың оңтүстігіндегі Гуандун провинциясындағы *Гуанчжоу* қаласының тұрғындары осы ірі қалада коронавирусқа шалдығу оқиғаларының көбеюіне байланысты азық-түлік қорын жинақтауға тырысып жатыр, деп хабарлайды.) (3); *Гуаңжоу* (15 желтоқсанда ондаған полиция қызметкері *Гуаңжоу* қаласындағы Жунгуйли шіркеуіне балалар сабақ оқып жатқан уақытта басып кіріп, шіркеу бұйымдарын, 4 мыңнан астам Библия кітаптарын тәркілеген) (4) қалаларының аттары түрлі нұсқада беріледі.

Мұндай мысалдарды тізе берсек өте көп. Бұдан елімізде қытай экзонимдерін кирилнегізді қазақ графикасында жазудың стандартты жүйесі, бірізділік жоқ екендігі анықталды. Бұл мәселелер латыннегізді қазақ әліпбиіне толық көшкенде шешімін табады деген ойдамыз. Себебі Қытай фонетикалық дыбыстаңба жобасы латын әліпбиінің негізінде жасалған. Онда латын әліпбиіндегі 26 әріптің «v» әрпінен басқа 25-і пайдаланылады.

Шеттілдік географиялық атауларға жататын қытай экзонимдерін қазақ латын графикасында қалай транслитерациялауға немесе транскрипциялауға болады? Олар бүгінгі таңға дейін тілімізде

калай жазылып келді? Қытай экзонимдерін трансформациялауда қандай мәселелер немесе қиындықтар туындайды? Осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

### **Материал және әдістер**

Бұл мақалада ғылыми және практикалық транскрипция, теориялық фонетика, лингвистикалық теорияларға сүйене отырып, сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Сауалнама әдісі қытай экзонимдік атауларын латыннегізді қазақ графикасында транскрипциялаудың мәселелерін көрсетуде қолданылды. Сонымен қоса, қытай және қазақ тілдерінің фонетикалық, фонологиялық жүйесіндегі дыбыстарға салыстырмалы-салғастырмалы талдау, бақылау және сипаттама жасауда эмпирикалық әдістер қолданылды.

### **Әдебиетке шолу**

Ономастикалық атаулар барлық тілде кездеседі, олар өз тіліміздегі және өзге тілдерден енген ерекше сөздер тобы. Алайда оларды кешенді зерттеу жұмыстары жеткілікті емес. Қазақстанда қазақ топонимдері мен антропонимдерін зерттеген ғалымдар Т.Жанұзақов, Г.К. Конкашпаев, Қ.Рысберген, А.Әбдірахманов, А.Т. Қайдаров, Е.А. Керімбаев, В.У. Махпиров, Г.Б.Мадиева, В.Н. Попова, А.Әлімханов, Ф.Р. Ахметжанова және т.б. Олар ономастикалық атауларды лексика-семантикалық, құрылымдық, этимологиялық, хронологиялық тұрғыдан зерттеген. Ал ресей ғалымдарынан А.В. Суперанская, В.Н. Никонов, В.И. Супрун, В.Н. Бондалетов, Л.М. Дмитриева т.б. атай аламыз.

Жалпы қолданбалы ономастика шеттілдік жалқы есімдерді, олардың графикасы мен орфографиясын, транскрипциялау мен транслитерациялау мәселелерін зерттейтін ономастиканың негізгі бағыттарының бірі. Қазақ ономастикасында шеттілдік географиялық атауларды зерттеп жүрген ғалымдар бар: Қ.Қ. Рысберген, Н.Рсалиева, С.Құлманов, Б.Бияров т.б.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналық зерттеу аясында дайындалған «Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулардың анықтамалығы» (5) шеттілдік географиялық атауларды қазақ тілінің әдеби нормасына сай жаңа қазақ латын әліпбиі негізінде бірізді, сауатты жазылуын мақсат еткен, зерттеуші-ғалымдардың келелі еңбегі. Бұл практикалық құралдың қытай экзонимдік атауларын қазақ-латын графикасында транскрипциялау барысында салыстырмалы талдау жасауда септігі тиді.

Жалпы әріпті жазуда дыбыстың маңызы зор. Сөйлеуді жазуға, жазуды сөзге айналдыратын кілт әліпби болса, сол әліпби тілдің фонологиясына келіп тіреледі. Сондықтан қазақ және қытай тілдерінің дыбыс жүйесінің контрастивті сипаттамасын жасау және екі тілдегі баламалы, баламасыз дыбыстардың аражігін ашу маңызды.

Тіл білімінде жалпы фонетикалық заңдылықтарды зерттеген ғалымдар И.А. Бодуэн де Куртене, А.А. Реформатский, Л.В. Щерба, И.К. Амман, Э.Зиверс, Л.Р. Зиндер, А.Н. Баскаков, Х.П.Бонет және т.б.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен негізгі заңдылықтарын, құрылымдық сипатын зерттеген, зерттеп жүрген ғалымдар: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, А.С. Аманжолов, Қ.Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, Ж.Аралбаев, С.Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә.Жүнісбеков, Н.Жүнісов, С.Мырзабеков, Б.Қалиев, С.Омарбеков, З.Базарбаева, Қ.Күдерінова, Ж.Исаева, және т.б.

### **Нәтижелер және талқылау**

Қазіргі таңда Қазақстанда бұл кирилнегізді қазақ әліпбиін латын әліпбиіне ауыстыру науқаны жүріп жатыр. Бұл қазақ жазуы тарихындағы маңызды белестердің бірі болмақ. Ғалымдар қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіруге болатын бірнеше факторларды атап отыр, олар: мәдени әлеуметтік, лингвистикалық, экономикалық, саяси, психологиялық, педагогикалық, ақпараттық, тарихи факторлар. Мұның ішінде лингвистикалық факторға келетін болсақ, бұл «тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін, оның өзіндік табиғатын белгілеп қана қоймай, ұрпақтан ұрпаққа сақтап жеткізетін жаңа жазу жүйесін ұсыну» (Күдерінова, 2013а: 292).

Әліпби ауыстыру туралы ғалымдар мен тілшілер тарапынан қызу пікірталастар өтті, латын әліпбиінің бірнеше нұсқасы жасалып, ұсынылды. Әрбір тараптың өз дәйектері бар. Латын

әліпбиін қабылдау бағытындағы көзқарастардың ішінде кирилнегізді әліпбидегі дыбыстардың барлығын аламыз ба жоқ па, орыс әріптерін аламыз ба деген даулы мәселелер туындады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін латын әліпбиінің таңбаларымен ғана беріп, оның құрамынан шықпауды жақтаушылар (Н.Қырықбай, С.Қондыбаев, Б. Мұңайтпасов) 26 әріптің мүмкіндігін пайдалануды, бұл экономикалық шығынды азайтып, халықаралық байланысты арттырады деп көрсетті. Ал тағы бір топ (Ж. Түндікбаев, М. Жұрынов, А. Мереке, А. Исаұлы) қазақ тіліне тән дыбыстар үшін диакритикалық таңбаларды ұсынды.

Қазіргі қолданылып отырған әліпбиімізде әріп бар, ал фонологиялық жүйесінде 28 дыбыс бар: 9 дауысты (*a, ə, ы, i, o, ө, ұ, ү, e*) 19 дауыссыз (*m, d, n, p, б, м, с, ш, з, ж, л, ң, р, к, қ*) болса, олардың 13 (*a, b, d, e, l, m, n, o, p, r, s, t, z*) латын әліпбиі құрамына сәйкес келеді. «Әріптің саны негізгі дыбыстардың санынан екі есеге жуық асып кеткен. Бұл – әліпбидің оңтайлы, тиімді екенін көрсететін лингвистикалық критериймен мүлдем үйлеспейді» (Күдерина, 2013б: 307) деген көптеген уәждер латын әліпбиіне көшудің маңыздылығын айшықтап берді.

Жетілдірілген әліпбиде әріп саны – 31, әліпби тек латын әліпбиі базалық жүйесі таңбаларынан құралған. Бұл әліпбиде қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылған. Қазіргі ә (ä), ө (ö), ү (ü), ұ (ū) және ғ (ğ), ш (ş) қазақ әріптері диакритикалық таңбалармен берілген. Әліпбиде халықаралық тәжірибеде қолданыста бар умляут (¨), макрон (¯), седиль (˘), бревис (˘) диакритикалық таңбалары қолданылған (7).

Қытай тілінің дыбыс жүйесінде буын дегеніміз дыбыстардың бірігуі арқылы жасалатын дыбыстық құрылымның ең кіші бөлігі, бір иероглиф бір буыннан құралады. Путунхуада 32 дыбыс бар. Буындарды құрайтын элементтеріне қарай дыбыстарға, ал дыбыстарды айтылу ерекшеліктеріне қарай дауысты және дауыссыз деп екіге бөледі. Дауысты дыбыстар ауыз қуысында ешқандай кедергіге ұшырамай шығатын дыбыстар. Мысалы: *a, o, e, i* т.б. Дауыссыз дыбыстар көмейден ауыз қуысына өтерде белгілі бір бөлікте үлкенді-кішілі кедергілер пайда болады. Мысалы: *b, p, m, f, d* т.б. 好 (hao) буынын созып оқитын болса, *h—a—o* деген үш түрлі дыбысқа бөлуге болады. Ал *zhuang zh—u—a—ng* буынында төрт дыбыс бар, әрбір дыбыс әртүрлі тембрде айтылады.

Қазақ тілінде басқа да әлем тілдері сияқты дыбыстың екі түрлі типі бар, олар дауысты және дауыссыз дыбыс. Дыбыстар бір бірінен артикуляциялық, акустикалық белгілері арқылы ерекшеленеді. Дауысты дыбыстарды айтқанда ауа еш кедергіге ұшырамай, еркін шықса, ал дауыссыз дыбыстарды дыбыстағанда ауа түрлі кедергілерге ұшырап, шу, салдыр араласып шығады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай жуан (*a, o, ұ, ы*), жіңішке (*ə, e, ү, i, e*); еріннің қатысына қарай еріндік (*o, ө, ұ, ү*) және езулік (*a, ə, ы, i, e*); жақтың қатысына қарай ашық (*a, ə*), жартылай ашық (*o, ө, e*), қысаң (*ұ, ү, i*) болып бөлінеді. Дауыссыз дыбыстар саны 19, олар акустикалық белгілеріне қарай қатаң (*к, қ, н, с, т, ш, ф, х, ц, ч, ц, һ*), ұяң (*б, в, г, г, д, ж, з*) және үнді (*й, л, м, н, ң, р, у*) болып бөлінеді. Бұл дауысты және дауыссыз дыбыстар тіркесе отырып буын құрайды, буыннан сөз, сөзден сөйлем, сөйлемнен мәтін құралады. «Дыбыстардың өзіндік тіркесу жүйесі мен жолының болуы қазақ тілінің көнеден келе жатқан дәстүрлі құрылымдық сипатын танытады, сөздің ішкі тектілігін, біртұтастығын анықтайды» (Салқынбай, 2008: 73)

Қазақ тілі сияқты қытай тілінде де буынды тек дауысты дыбыстар құрайды. Қазіргі қытай тілінде (яғни путунхуада) 400-ден аса буын бар, оларға иероглифтің оқылуында қойылатын тон белгісін қосқанда 1300 буын құралады. Қытай тілінде қалыптасқан дәстүр бойынша дыбыстар өз ішінен юньму (инициаль) және шыңму (финаль) болып екі түрге бөлінеді. Қытай тіліндегі буын құрылымының заңдылығы юньму құрылымынан көрінеді.

Дауысты және дауыссыз дыбыстар жалпы фонетикаға қатысты терминдер болса, *шыңму* мен *юньму* – қытай фонологиясына тән терминдер. Олар – иероглифтің дыбыстық құрамына (жасалуына) қарай бөлінген түрлері. Бұлай бөлу дыбыстардың алдыңғы және соңғы болып орналасуына, яғни дыбыстардың орналасу рет-тәртібіне байланысты: *шыңму* – буынның басында тұратын дыбыс, *юньму* – буынның соңында тұратын дыбыс. Қазіргі қытай тілінің ортақ тілінде, яғни путунхуада 10 дауысты дыбыс: *a, o, e, i, u, u, e, i, er*. 22 дауыссыз дыбыс, 21 шыңму бар: *b,*



*p, m, f, d, t, n, l, g, k, h, j, q, x, zh, ch, sh, r, z, c, s, n.* 22-ші дауыссыз дыбыс *ng*. Қытай тілінде шыңмулар (*n* мен *ng* дауыссыздарынан басқалары) тек буынның басында ғана ұшырасады, *n, ng* мұрын жолды шыңмулары тек буынның соңынан келеді (Қалибекұлы, 2022: 65).

Қытай тілінде нөлдік шыңму бар, ол дегеніміз буын басында дауыссыз дыбыс болмаған жағдайда айтылады. Мысалы: «*yao*» буынындағы шыңму нөлдік шыңму саналады. Шыңмудың барлығы дауыссыз дыбыс бола алады, алайда дауыссыз дыбыстардың барлығы шыңму бола алмайды. Сол сияқты барлық дауысты дыбыстар юнму бола алғанмен, юнмудың барлығы дауысты дыбыс бола алмайды.

Негізгі юнмулар медиалдармен (*u, i*) бірігіп, күрделі юнму құрайды. *Wai/-uai, wa/-ua, wan/-uan, wang/-uang, wei/ -ui, wo/-uo, wen/-un.* *u* медиалы «*ao*» және «*ou*» финалдармен бірге келмейді.

*i* медиалымен жасалатын күрделі юнмулар: *yao/-iao, ya/-ia, yan/-ian, yang/-iang, you/-iu, ye/-ie, yin/-in, ying/-ing.* Буын басында *i* медиалы «*u*» әрпімен алмасып жазылады, яғни, егер буында *i* ғана дауысты дыбыс болса, «*u*» қосылуы арқылы жазылады, мысалы: «*yi*», ал буында басқа дауысты дыбыстар болса «*u*» болып жазылады.

Қытай тілінде умляут диакритикасымен жазылатын «*ü*» дыбысы бар. Қазақ тіліндегі «*үй*» деген дыбыс тіркесіне сәйкес дыбысталады. Орыс тілінде бұған сәйкес дыбыс жоқ, дегенмен «*ю*» дыбысын алады. Қытай тілінде медиаль қызметін атқарып, күрделі юнму құрайды: *uan/-uan, uue/-ue, uun/-un, yong/iong.* Орыс тілінде *юань/-юань, юэ/-юэ, юнь/-юнь, юн/-юн* деп транскрипцияланған. Егер буын құрамында дауыссыз дыбыс болмаса, «*ü*» дауысты дыбысы «*u*» қосылып, «*ui*» болып жазылады. «*Ü*» дауысты дыбысы тек бес дауыссыз дыбысымен қосылып жазылады: *j, q, x, l, n.*

*j, q, x* дыбыстарынан кейін келгенде әдетте умляут белгісі қойылмайды: *ju, qu, xu.* Ал *l, n* дыбыстарынан кейін келсе міндетті түрде умляут белгісімен жазылады: *lü, nü,* себебі *lu, nu* буындарымен шатасып кету мүмкіндігі бар.

Қытай иероглифтерінің оқылуын таңбалайтын 26 әріп болса, оның құрамына енбеген *zh, sh, ch, ng* таңбалары бар.

Графикалық кескіні сәйкес келетін әріптер: *a, b, d, e, f, g, h, i, j, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z.*

Латыннегізді қазақ әліпбиі мен қытай әліпбиіндегі дыбысталуы жағынан да, графикалық жағынан бір-біріне сәйкес келетін дауысты дыбыстар: *a, o, e, i, u.*

Латыннегізді қазақ әліпбиі мен қытай әліпбиіндегі дыбысталуы жағынан да, графикалық жағынан да бір-бірімен сәйкес келетін дауыссыз дыбыстар: *b, d, f, g, h, j, k, l, m, n, p, r, s, t, z.*

Қытай фонетикалық әліпбиінде жоқ қазақ-латын әріптері: *ä, ö, u, ü, ū, ğ, ŋ, v, ı*

Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *b, d, f, g, ğ, h, j, k, l, m, n, ŋ, p, q, r, s, t, v, z, ŧ.*

*ı, ú* әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбалаанады: *ai, úi, oishyl, iağni, qoian, saia, iod, fail, aikido, mezozi, ýağyz, ýaqyt, aý, sáykele, demeyshi, qaýun, aıyan, keıyana.*

Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *a, ä, e, i, o, ö, u, ü, ū, y, ı.*

Қытай тіліндегі дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *b, c, d, f, g, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, x, w, z.*

Қытай тілінің ортақ тілі – путунхуада жалаң дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *a, o, e, ê, i, u, ü, – i (тіл алды), – i (тіл арты), er.*

Қытай тіліндегі *zh, ch, j, q, x* таңбаларын дыбыстауда қиындықтар мен мәселелер туындайды. Қытай транскрипциялық әліпбиінде бұл дыбыстардың қатаң-ұяң сыңарлары бар. Атап айтсақ, *zh – j, ch – q, sh – x.*

*Zh, sh, ch* – палаталды дауыссыз дыбыстар, оларды дыбыстағанда тілдің ұшы таңдайға тиеді. Палаталды (латын сөзі, «таңдай» деген мағынаны білдіреді) дыбыстар тілдің ұшы таңдайға тигізу арқылы шығарылады. *Ch*-ны дыбыстағанда тілдің ұшы жоғары қарай қайырылады. Бұл дыбыстар негізінен *a, u, e, o* дауысты дыбыстарымен (шыңму) тіркеседі: *zha, cha, zhe, che, zhu, chu, zhuo, chuo* т.б.

*Zh* тоғысыңқы, короналды таңдай дыбысы, аффрикат, оны дыбыстағанда тіл ұшы қайырылып, таңдайға тоғысады, әлсіз ауа ағыны тіл ұшымен бітеліп тұрған саңылауды бұзып, дыбысқа айналады: *zhan, zhe, zhi, zheng*. Қазақ тіліндегі «ж» дыбысына ұқсас, бірақ мұнда тіл ұшы қатты қайырылады, Орыс әліпбиіне «чж» деп, қосарлы таңбамен беріледі: *Zhan-Чжан, Zhenzhou – Чжэнчжоу, Zhou-Чжоу, Zhao-Чжао т.б.*

*Ch* – тоғысыңқы, короналды таңдай дыбысы, аффрикативті. Дыбысталуы «zh» дыбысына ұқсайды, бірақ мұнда ауа ағыны күштірек шығады. Қазақ тіліндегі «ч» дыбысына жуық дыбысталады: *Changcheng, Changjiang*.

*R* – тоғысыңқы, фрикативті дыбыс. Дыбыстағанда дауыс шымылдығында діріл пайда болады. Палладий жүйесінде «ж» таңбасы арқылы транскрипцияланады: *ran-жань, rang-жан, rao-жао, re-жэ т.б.*

*J* – тіл алды, аффрикативті дыбыс. Дыбыстау кезінде тілдің алдыңғы бөлігі таңдайдың алдыңғы жағына жабысып, тосқауыл жасайды, ал әлсіз ауа ағыны ол тосқауылды бұзып, сығып шығарады. Қазақ тіліндегі «з» дыбысына жуық келеді, бірақ «з» тіл ұшының астыңғы күрек тіске жуысуынан жасалатын дыбысты. Ол айтылу орнына қарай тіс (денталь), жасалу жолына қарай ызың (фрикатив), дауыс пен салдыр қатысына қарай ұяң дыбыс.

*Q* – тіл алды, аффрикативті дыбыс. Дыбыстауы *J*-ге ұқсас. Айырмашылығы шығатын ауа ағыны біршама күшті.

*X* – тіл алды, жуысыңқы, аффрикативті дыбыс. Дыбыстау кезінде тілдің алдыңғы бөлігі таңдайдың алдыңғы жағына жақындап, тар саңылау пайда болады, ауа ағыны сол тар саңылаудан қысылып шығады.

Қытай тілінің дыбыстық жүйесіне тән төмендегідей ерекшеліктерді атап өтеміз:

- буында кемінде бір дауысты дыбыс болуы керек, ал дыбыс саны ең көбі төртеу болады;
- буында дауысты дыбыстар саны басым болады, екі немесе үш дауысты дыбыс қатар келе береді және олардың көпшілігі ашық буындар болып келеді;
- буында дауыссыз дыбыс болмауы мүмкін. Дауыссыз дыбыстар қатар, қосарланып келмейді.

1-кесте – Қытай тілінің транскрипциялық әліпбиі мен латыннегізді қазақ әліпбиінің салыстырмалы кестесі

Қытай әліпбиі	Қазақ-латын әліпбиі	Қытай әліпбиі	Қазақ-латын әліпбиі
Aa	Aa	Oo	Oo
–	Ää	–	Öö
Bb	Bb	Pp	Pp
Cc	–	Qq	Qq
Dd	Dd	Rr	Rr
Ee	Ee	Ss	Ss
Ff	Ff	Tt	Tt
Gg	Gg	–	Şş
–	Ǧǧ	Uu	U u
Hh	Hh	–	Üü
Ii	Ii	–	Ü ü
–	Ii	Ww	–
Jj	Jj	Xx -	–
Kk	Kk	Vv	Vv
Ll	Ll	Zz	Zz
Mm	Mm	Y y	Y y
Nn	Nn		
–	Ǫ ǫ		

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналық зерттеу аясында дайындалған «Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулардың анықтамалығында» (ары қарай «Анықтамалық») шеттілдік экзонимдік атаулар, оның ішінде, мемлекет, астана, шеттілдік елді мекен атаулары мен физика-

географиялық табиғи нысан атаулары: мұхит, теңіз, көл, өзен, тау, арал т.б. қамтылған. Бұл материалда Қытайдың бірнеше елді-мекен, қала атаулары мен гидрографиялық атаулары берілген. Анықтамалықта берілген елді мекен (қала) атаулары: *Баотоу – Baotoú, Баоцзи – Baotszi, Баошань – Baoshan, Бэйань – Beian, Вэньчжоу – Venchjóú, Гуанчжоу – Gúanchjóú, Гуйлинь – Gúilin, Гуйян – Gúian, Иньчуань Inchúan, Кайфын Kaifun, Куньмин – Kúntin, Ланьчжоу – Lanchjóú, Лучжоу – Lúchjóú, Лючжоу – Lúchjóú, Муданьцзян – Múdantszian* т.б. (Рысберген Қ., 2021: 26-49). Бұл мысалдардан елді-мекен, қала атаулары Палладий жүйесінде жазылған және қазақ-латын графикасы түпнұсқа атауы емес, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынған. Алайда Палладий транскрипциялық жүйесінің кемшіліктері көп. Қытай тілі мен орыс тілі мүлдем ұқсамайтын екі тіл болғандықтан, қытай тіліндегі кейбір дыбыстар орыс тілінде кездеспейді. Сондықтан қытай тіліндегі атауларды транскрипциялауда дыбыстар дәл әрі нақты жеткізілмейді. Қытай тілі орыс тілінен жазуынан бастап дыбысталуына дейін мүлдем ұқсамайтын, алшақ жатқан тіл. Бұл тілдерді үйренушілерді біраз тығырыққа тірейтіні рас. Себебі қытай тілінде орыс тілінде мүлдем баламасы жоқ дыбыстар бар, олардың кейбіреуі екі дауысты дыбыстан құралған.

Палладий жүйесін пининмен салыстырып қарасақ, орыс тіліндегі кейбір дауыссыз дыбыстардың орыс тілінде баламасы кездеседі: *b/б, p/п, d/д, t/т, g/г, k/к, h/х, f/ф, l/л, m/м, n/н*. Ал кейбіреуінің мүлдем баламасы жоқ: *ng, u, ü, r*.

Орыс тілінде *wi* буынындағы бастапқы *w, y* түрінде жазылса, басқа буындарда *v* арқылы жазылады: *wan – вань, wan – вань wan – вань, wang – ван, wen – вэнь, wei – вэй, wu – ву*. Пининдегі *r* әрпі орыс тіліндегі «ж» дыбысымен жазылған: *ran – жань, rang – жан, rao – жао, re – жэ, ren – жэнь, reng – жэн*.

Бірақ бұл жерде қытай тіліндегі *zh, j* таңбаларының дыбысталуы да «ж»-ға жуық болатындықтан, мәселе туындайды.

Пининдегі *j* мен *z* Палладий жүйесінде бір ғана «цз» арқылы беріледі: *ji–цзи, jia–цзя, jian–цзянь, jie–цзе, juan–цзюань, ju–цзюй; zi–цзы, zao–цзао, ze–цзэ, zei–цзэй, zan–цзань*. Сол сияқты *q* және *c* дауыссыз дыбыстары «ц», ал оларға жалғанатын дауыстылар әртүрлі дыбысталады: *qi/ци, ci/цы*. *N* және *ng* финалдары (буын соңында) әртүрлі беріледі. Тіл арты дыбысы *ng* – әдетте Палладий жүйесінде «н», ал «п» – жіңішкелік белгісін қою арқылы «нь» деп беріледі. Егер *ng* дыбысынан кейін дауысты дыбыстан басталатын буын келсе, онда жуандық белгісі қойылады: 汤阴 *tāngyīn Таньинь*. Бұл финалды ажырату үшін алынғаны алға тартылады. Бірақ біздің ойымызша мұның негізгі себебі орыс тілінде «ng» дыбысына сәйкес «ң» дыбысының болмауы.

Транскрипцияда жиі қиындықтар тудыратын финалдар *iu – ю, ia – я, ui/ü – юй*. Қытай тілінің дыбысталуында орыс тіліндегі қысқа «й» жоқ. Палладий жүйесінде «ио» *o, you – ю, «е»* дауысты дыбысы – қатаң «э» (*ben/бэнь, le/лэ*), ал *ie – жұмсақ «е» (die/de, jie/цзе)*.

Анықтамалықта бұл мәселелер нақты көрінеді. Мәселен: *Баоцзи* (түпнұсқа: 宝鸡; пинин: *Baoji*) латын графикасы бойынша *Baotszi*, деп жазылып, «цзи» буыны төрт таңбалы «*tszi*», *Муданьцзян* (түпнұсқа: 牡丹江; пинин: *Mudanjiang*) атауы *Múdantszian*, «цзян» буыны «*tszian*» деп жазылған.

Ал *Вэньчжоу* (түпнұсқа: 温州; пинин: *Wenzhou*) – *Venchjóú*; *Гуанчжоу* (түпнұсқа: 广州; пинин: *Guangzhou*) – *Gúanchjóú*; *Ланьчжоу* (түпнұсқа: 兰州; пинин: *Lanzhou*) – *Lanchjóú*; *Лучжоу* (түпнұсқа: 泸州; пинин: *Luzhou*) – *Lúchjóú*, *Лючжоу* (түпнұсқа: 柳州; пинин: *Lüzhou*) – *Lúchjóú* атауларындағы «чжоу» буыны латынша «*chjóú*» деп алынып отыр, яғни Палладий жүйесіндегі нұсқасы басшалыққа алынған. Мұны түпнұсқа бойынша «*zhou*» деп алса, әлдеқайда қарапайым әрі дыбысталуын да дәл берер еді.

«Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулардың анықтамалығында» жазылған бірнеше экзонимдік атауларды алып, олардың жазылуы бойынша сауалнама арқылы зерттеу жүргізілді. Сауалнамада жазуы жағынан мәселелер туындау мүмкіндігі жоғары экзонимдік атаулар алынды, олардың саны – 11.

Сауалнамаға 340 респондент қатысты. Респонденттер қытайтанушы-ғалымдар мен жоғары оқу орындарының қытай тілі оқытушылары, студенттер мен магистранттар.

Сауалнамада қытай өзені, гидроним *Хуанхэ* (黄河) атауының латын әліпбиінде жазылуының үш нұсқасы берілді:

*Húanhe* – «Анықтамалықта» берілген нұсқа.


*Huanhu* – Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі дыбысталуы жағынан сәйкес әріптермен жазылған нұсқа.

*Huanghe* – «Қытай фонетикалық әліпбиі» (Пинин) жүйесінде жазылған.

Сауалнама нәтижесі бойынша респонденттердің 69,8 пайызы *Huanghe*; 18,9 пайызы *Húanhe*; 11,3 пайызы *Huanhu* нұсқасы қолданылған (1 сурет).

Бұл жерде мәселе *ú*, *ŋ*, *e* дыбыстарына қатысты болып отыр. Латыннегізді қазақ әліпбиі жобасында *ú* әрпі «ы» дыбысын береді, ал «Анықтамалықта» «у» дыбысын беріп тұр және төбесінде диакритикалық белгісі бар. Сондай-ақ респонденттер тарапынан *Sary ozen*, *Saryozen*, *Huanhi*, *Hwanhe*, *Huanhae* нұсқаларында жазу ұсынылған.

Хуанхэ (黄河) атауын латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?  
340 жауап



1-сурет – Хуанхэ атауының жазылуы

Қытайдың солтүстік-батысында орналасқан ірі қала Суючжоу (徐州) атауын латын әліпбиінде жазудың үш нұсқасы берілді (2-сурет).

*Süichjou* – Латыннегізді қазақ әліпбиіндегі дыбысталуы жағынан түпнұсқаға сәйкес әріптермен жазылған нұсқа.

*Syüichjou* – «Анықтамалықта» берілген нұсқа.

*Xuzhou* – «Қытай фонетикалық әліпбиі» (пинин) жүйесінде жазылған.

*Suijou* – респонденттердің өз нұсқасы

Сауалнама нәтижесі бойынша *Xuzhou* – 66%; *Süichjou* – 18,9%; *Syüichjou* – 13,2%; *Suijou* – 1,9 %.

Сондай-ақ *Suichou*, *Syiwjow*, *Süijou* нұсқаларын респонденттер ұсынған.

Бұл жерде алдымен 徐州 қала атауының қытай тілінде айтылуын анықтап алған жөн. 徐州 транскрипциясы *Xúzhōu*, палладий жүйесі бойынша жазылуы *Суючжоу*. Ал ҚХР тағы бір қаласы 隨州 транскрипциясы *Suízhōu*, Палладий жүйесінде *Суйчжоу* деп жазылады. Бұл екі қала атауының дыбысталуы ұқсас болғандықтан, оны шатастырып жатады. Бұл жерде мәселе *Xi* және *Sui* буындарында. *X* (*cu*) мен *S* (*c*) дыбысталуы жуық, Палладий жүйесі бойында екеуін де *c* дыбысымен транскрипциялайды, ал *u* (үй), *ui* (уей) дыбыстары Палладий жүйесінде *u* - юй, *ui* - уй деп ажыратқан.


Латыннегізді қазақ графикасында транскрипциялауда мәселе туындайды, себебі *X* әрпі әліпбиде жоқ, ал оның дыбысталуы қытай тілінде *S* дыбысынан ерекшеленеді. *X* дыбыстағанда *c* дыбысы тістердің арасынан кедергіге ұшырап шығады, нақты *c* дыбысын бермейді. Кейбір ғалымдар мұны *sh* әрпімен беріп жүр, бірақ бұл жерде де мәселе туындайды, себебі қытай тілінде *sh* дыбысы *sh* әрпімен таңбалаыды. Сондықтан *X* әрпін қалдырып, ерекшелігін ескеру керек. Мысалы: *Xian* 西安, *Xining* 西宁, *Shanxi* 陝西, т.б.

Одан кейінгі мәселе *zhou* буынына қатысты туындап отыр. Қытай тілінде *zh* дыбысы кирил негізді қазақ тіліндегі *ж* дыбысымен сәйкес келеді, орыс тілінде *чж* арқылы, ал латыннегізді қазақ әліпбиінде бұл дыбысты *J* әрпімен таңбалаған. Сондықтан кейбір респонденттер *J*



әрпімен таңбалауды ұсынған. Алайда бұл жерде тағы бір қарама-қайшылық туындайды. *Zh* дыбысын *J* арқылы транскрипцияласақ, атаудың семантикалық, фонетикалық жағына нұқсан келеді.

Сюйчжоу (徐州) атауын латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?  
339 жауап




2-сурет – Сюйчжоу атауының жазылуы

栾城 Luancheng – Қытайдың Хыбэй провинциясындағы ең ірі қаланың атауы. 栾城 (Luancheng) екі буыннан тұрады, luan және cheng. Палладий жүйесінде Луанчэн деп транскрипцияланады, Луан – Luan, чэн – cheng буындарына сәйкестендірілген. Сауалнама нәтижелері (3-сурет) бойынша «Анықтамалықта» берілген нұсқа Lúanchen – 32,9%; Қазақ-латын әліпбиінде дыбысталуы жағынан түпнұсқаға сәйкес әріптермен жазылған нұсқа Luanchuj – 13,2 %; «Қытай фонетикалық әліпбиі» (пинин) жүйесінде жазылған Luancheng – 52,4%; респонденттер тарапынан Luanchen, Lwanchen, Luanchin нұсқалары ұсынылған.

Бұл атауда *cheng* буынына қатысты мәселе туындайды. Палладий жүйесінде *ng* дыбысы *n* арқылы таңбаланғандықтан, *cheng* – *чэн* болып транскрипцияланған. Ал соған сәйкес «Анықтамалықта» *chen* деп жазылып отыр. Ал қазақ тілінде *ң* дыбысы болғандықтан кирилнегізді қазақ графикасында бұл буын *cheng* – *чың* деп жазылып, оқылады. Қытай фонетикалық әліпбиі» (пинин) жүйесіндегі *ng* кирилнегізді қазақ әліпбиіндегі *ң* сәйкес келеді. Алайда латыннегізді қазақ әліпбиінде *ң* дыбысы *ŋ* арқылы таңбаланады.

Луанчэн (栾城) атауын латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?  
340 жауап




3-сурет – Луанчэн атауының жазылуы

*Xuchang* 许昌 Хынан провинциясындағы қала атауы. Сауалнамада латын графикасында үш түрлі жазылу нұсқасы берілді. «Анықтамалық» нұсқасы Siyichan – 22,6%; латыннегізді қазақ әліпбиінде дыбысталуы жағынан түпнұсқаға сәйкес әріптермен жазылған нұсқа Sūichan – 31,8%; «Қытай фонетикалық әліпбиі» (Пинин) жүйесінде жазылған нұсқа Xuchang – 44,7%; респонденттер тарапынан ұсынылған нұсқалар: Siywchan, Sūichan. (4-сурет)

Бұл экзонимді транскрипциялауда мәселе *x* және *u* дыбыстарына қатысты туындап отыр және *x* дыбысының дыбысталуындағы ерекшелікті жоғарыда 2-суретке де қатысты баяндадық. *U* қытай тілінде медиаль, негізінен умляут диакритикасымен жазылады «*i*». Ал *j*, *q*, *x* дыбыстарынан кейін келгенде әдетте умляут белгісі қойылмайды. Палладий жүйесінде *u* дыбысын сәйкестендіріп, Ху Сю жазылған, бұған сәйкес «Анықтамалықта» Ху Siyú деп жазылып отыр.

Сюйчан (许昌) атауын латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?  
340 жауап




4-сурет – Сюйчан атауының жазылуы

**牡丹江 (Mudanjiang)** – Қытайдың префектура деңгейіндегі қала атауы. Сауаланама бойынша латыннегізді қазақ әліпбиінде дыбысталуы жағынан түпнұсқаға сәйкес әріптермен жазылған нұсқа Mudanzäñ – 22,4%; «Анықтамалықта» жазылған нұсқа – Mýdantszian – 26,2 %; «Қытай фонетикалық әліпбиі» (пинин) жүйесінде жазылған нұсқа Mudanjiang – 50,3%; респонденттер тарапынан ұсынылған нұсқалар: Mudancian, Mwdansyan, Mudanjian (5-сурет).

Латыннегізді қазақ әліпбиінде мен пинин жүйесі бойынша *Mu* және *dan* буындары бірдей жазылып отыр, ал «Анықтамалыққа» сәйкес Mýdan, *y* кирилнегізді қазақ әліпбиіндегі *y* дыбысына балама ретінде алынған. Ал *jiang* буыны *zäñ*, *tszian*, *jiang* нұсқалары бар. Латыннегізді қазақ әліпбиінде шеттілдік сөздер емлесінде *я* әрпі *ä* әрпімен жазылады деген емлеге сәйкес *ia* дыбысына *ä* дыбысы алынып отыр. *J – z*, *ng – ŋ* баламалы таңбалары алынды.

«Анықтамалықтағы» *tszian* буының жазылуында Палладий жүйесіндегі *цзян* транскрипциясы басшылыққа алынған. *Tsz – ц*, *ia – я*, *n – н* баламалы дыбыстар алынған.

Муданьцзян (牡丹江) атауын латын әліпбиінде қалай жазар едіңіз?  
340 жауап



5-сурет – Муданьцзян атауының жазылуы

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қытай экзонимдерін транскрипциялауда «қытай фонетикалық дыбыстаңба жобасы» бойынша транскрипциялау нұсқалары басымдыққа ие болған. Қытай экзонимдерін латыннегізді қазақ графикасында транскрипциялауда «Қытай фонетикалық әліпбиі» негізінде жазу қытай тіліндегі дыбыстарды және олардың вариацияларын дәл беруде тиімді болып отыр.

Палладий жүйесінің қытай тілінің дыбыстарын дәл бере алмайтынын көптеген ғалымдар мойындайды және оны алмастыратын немесе жетілген нұсқасын жасауға тырысқан орыс ғалымдары болды. Алайда ол жүйелер соңына дейін жеткізілген жоқ. Е.И. Лысая орыс транскрипциялық жүйесінің көп уақыттан бері пайдаланылып келе жатқанына қарамастан, оны қытай фонетикалық жүйесін толықтай бере алмайтынын айтады (Лысая, 2019: 225). Ал Д.И. Ермолович Палладий жүйесінің жаңа заманғы қытай тілінің фонетикалық жазбасы бола алмайтын, практикалық транскрипция мен транслитерация мәселесін шеше алмайтынын айтқан (Ермолович, 2009: 11).

Бұл пікірлер мен жоғарыда көрсетілген салыстырмалы талдаулардан Палладий жүйесінің қытай экзонимдік атауларын транскрипциялауда тиімді жүйе еместігі анық көрінеді.

## Қорытынды

Қытай тілінің дыбыстық ерекшелігіне байланысты, қытай тіліндегі экзонимдік атауларын латыннегізді қазақ графикасында транслитерациялауда *j*, *q*, *x*, *zh*, *ng* таңбаларын кірме таңба ретінде пайдаланған дұрыс. Себебі *s* мен *c* дыбысын тек *s* әрпімен, *zh* мен *j* дыбысын тек *j* әрпімен таңбаласақ, графикалық кескіні ұқсас әріптерден (бірақ жазылуы мен айтылуы әртүрлі) құралған сөздерді бір-бірінен ажырату қиынға соғады, яғни сөздер мағыналық өзгеріске ұшырауы мүмкін. Мысалы: *Chongqing* (重庆) деген онимді қазақ-латын әліпбиі бойынша *Shunshiq* деп транслитерацияласақ, қытай тіліндегі дыбысталуына нұқсан келеді. Себебі бұл жердегі *Ch* және *q* дыбыстарына бір ғана *sh* дыбысымен жазуға болмайды. Бұған қоса, *q* дыбысы латыннегізді қазақ әліпбиінде *q* дыбысын беретіндіктен, бұл сөздің дыбысталуында түсінбеушілік орын алары сөзсіз.

Сонымен, бұл мақаламызда қытай фонетикалық әліпбиі мен латыннегізді қазақ әліпбиіндегі дыбыстарды салыстыра отырып, олардың дыбыстық ерекшеліктері, оларды транскрипциялауда кездесетін мәселелер анықталды. Дыбысталуы мен графикалық формасы сәйкес келетін дыбыстар мен баламасы жоқ дыбыстар көрсетілді.

Жалпы қытай экзонимдерін латыннегізді қазақ графикасында транскрипциялау, оның ішінде латыннегізді қазақ әліпбиінің құрамында жоқ әріптерді қытай экзонимдерін транскрипциялауда қолдану, қолданбау мәселесі болашақта ары қарай терең зерттеуді қажет етеді.

*Мақала BR18574183 «Қазақ мәтінін автоматты тану: лингвистикалық модульдер мен IT-шешімдер әзірлемесі» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.*

## Әдебиеттер

<https://kaz.inform.kz/news/prezidenttn-beyzhndeg-bayandamasi-kitayda-aleumettk-zhellerdn-basti-takiribi-bolip-tur-24708c/>

[https://www.nlrk.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=1271:pekin-operasy-atty-kitap-k-rmesi-2&catid=47&lang=kz&Itemid=127](https://www.nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1271:pekin-operasy-atty-kitap-k-rmesi-2&catid=47&lang=kz&Itemid=127)

[https://kaz.inform.kz/news/guanchzhou-turgyndary-karantinnen-kauiptenip-azyk-tulikti-molynan-satyp-alyp-zhatyr\\_a3921769/](https://kaz.inform.kz/news/guanchzhou-turgyndary-karantinnen-kauiptenip-azyk-tulikti-molynan-satyp-alyp-zhatyr_a3921769/)

<https://qazaqtimes.com/article/53929>

<https://qazaqstan.tv/news/136504/>

Ермолович Д.И. (2009) Методика межъязыковой передачи имен собственных // Всероссийский центр переводов научно-технической литературы и документации. – М., 2009. – 34 с.

Құдеринова Қ.Б. (2013) Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 344 б.

Қалибекұлы Т. (2022) Қытай тіліндегі кісі есімдері мен жер-су атауларын қазақ-кирилл графикасында жазу мәселесі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы. – №1 (64) 2022. – бб. 10-16.

Лысая Е.И. (2019) Особенности транскрипции имен собственных с китайского языка на русский и белорусский // Сборник статей международной научно-практической конференции. – М., 2019. – С. 224-228.

Рысбергген Қ., Бармешова Н., Садырбаева З., Тұрғынбаев Ж., Садық Д., Сейітбатқал А. (2021) Қазақ тіліндегі өзге тілді ономастикалық атаулардың анықтамалығы. – Алматы, 2021. – 535 б.

Салқынбай А. (2008) Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 б.

## References

<https://kaz.inform.kz/news/prezidenttn-beyzhndeg-bayandamasi-kitayda-aleumettk-zhellerdn-basti-takiribi-bolip-tur-24708c/>

[https://www.nlrk.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=1271:pekin-operasy-atty-kitap-k-rmesi-2&catid=47&lang=kz&Itemid=127](https://www.nlrk.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1271:pekin-operasy-atty-kitap-k-rmesi-2&catid=47&lang=kz&Itemid=127)

[https://kaz.inform.kz/news/guanchzhou-turgyndary-karantinnen-kauiptenip-azyk-tulikti-molynan-satyp-alyp-zhatyr\\_a3921769/](https://kaz.inform.kz/news/guanchzhou-turgyndary-karantinnen-kauiptenip-azyk-tulikti-molynan-satyp-alyp-zhatyr_a3921769/)

<https://qazaqtimes.com/article/53929>

<https://qazaqstan.tv/news/136504/>

Ermolovich D.I. (2009) Metodika mezhazykovoi peredachi imen sobstvennyh. – Vserossiyskiy centr perevodov nauchno-tehnicheskoi literatury i dokumentacii. – М., 2009. – 34 s.] [Yermolovich D.I. (2009) Methodology for interlingual

transmission of proper names. – All-Russian Center for Translations of Scientific and Technical Literature and Documentation – M., 2009. – 34 p.] (in Russian)

Kyderinova K.B. (2013) Qazaq jazynyn tarihy men teoriasy – Almaty: Eltanym, 2013. – 344 b. [Kuderinova K. B (2013) History and theory of Kazakh writing. – Almaty: Yeltanym, 2013. – 344 p.] (in Kazakh)

Qalibekuly T. (2022) Qytaı tilindegi kisi esimderi men zher-su ataylaryn qazaq-kırıll grafıkasynda jazy maselesi. – Abylaihan atyndagy KazKHK jane ATU Habarshysy. Filologiya gylymdary seriyasy. – Almaty. – №1 (64) 2022. – bb. 10-16 [Kalibekuly T. (2022) The problem of writing Chinese personal names and place names in Kazakh-Cyrillic script. – Bulletin of the Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages. Philological Sciences series. – Almaty. – №1 (64) 2022. – P. 10-16] (in Kazakh)

Lysaya E.I. (2019) Osobennosti transkripcii imen sobstvennykh s kitaiskogo iazyka na rysskii i beloryssii. – Sbornik statei mezhdynarodnoi naychno-prakticheskoi konferencii. – M., 2019. – S. 224-228. [Lysaya E.I. (2019). Features of transcription of proper names from Chinese into Russian and Belarusian. – M., 2019. P. 224-228] (in Russian)

Rysbergen K., Barmeshova N., Sadyrbaeva Z., Tyrgynbaeva Zh., Sadyk D., Seitbatqal A. (2021) Qazaq tilindegi ozge tildi onomastikalyq ataylardyn anyktamalygy – Almaty, 2021. – 535 b. [Rysbergen K., Barmeshova N., Sadyrbayeva Zh., Tyrgynbayeva Zh., Sadyk D., Seitbatqal A. (2021) Directory of other language onomastic names in the Kazakh language. – Almaty, 2021. – 535 p. ] (in Kazakh)

Salqynbai A. (2008) Qazirgi qazaq tili. – Almaty: Qazaq yniversiteti, 2008. – 340 b. [Salkynbay A. (2008) Modern Kazakh language. – Almaty: Kazakh University, 2008. – 340 p.] (in Kazakh)